

2023

ЖАҢА ЖЫЛ

Құтты болсын!



№51

(7945)

аудандық қоғамдық-саяси газет

27 Желтоқсан
Сейсенбі,
2022 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

«ҚОШ КЕЛДІН ЖАҢА ЖЫЛ – ЖАҢА БЕЛЕС, ЖАҢА АРМАН!»

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫН ЖАҢА ЖЫЛМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Жуырда Өнер орталығында «Қош келдің Жаңа жыл-жаңа белес, жаңа арман!» атты Қазақстан Республикасы Президентінің атынан балалардың жаңа жылдық шыршасы өтті. Мерекелік шараға Ойыл ауданынан 9-13 жас аралығынан 6 бала қатысты.

Мереке аясында Облыс әкімі Ералы Тоғжанов балаларды мерекеленіп құттықтап, тәтті сыйлықтар табыстап, әр балаға 100000 теңге көлемінде сертификаттар табыстады. Шыршаға қатысушылар қоян жылына арналған театрландырылған қойылымды тамашала-

ды. Сондай-ақ балалар қазақ ертегілері мен танымал мультфильмдерге саяхат жасап, ондағы кейіпкерлермен ойын ойнап, тапсырмалар орындады. Аяз Ата, Ақшақармен бірге көңілді байқаулар мен викториналар ұйымдастырылды. Әлемдік деңгейдегі танымал жүл-

дыздар видео байланыс арқылы оқушыларды құттықтады, олардың қатарында әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері - Димаш Құдайбергін, «Бақытты бала-2022» халықаралық конкурсының финалисті – Давид Чарлин, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері - Илья Ильин бар.

Қымбатты ойлылықтар!

Баршаңызды келе жатқан Жаңа 2023 жылмен құттықтаймын! Барша адамзат бұл күні өткенді ой елегінен өткізіп, саралап, Жаңа жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен қадам басқанды қалайды.

Қазақстан үшін парасат пен пайымға толы тағы бір жыл XXI ғасыр қойнауына еніп барады.

Халқымызда «Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп» деген даналық сөз бар. Біз қашанда өткенге салауат айтып, болашақтан жақсылық күткен халықпыз. «Басы қатты болса, аяғы тәтті болады» - деген де біздің аталарымыз.

Жыл басында елдің тағдыры таразыға түскен шақта мемлекет басшысының сындарлы шешімі дамудың даңғылында тұрған алып керуеннің жолын ырағатын жаңылмай жалғастыруына сеп болды. Кейбір қиындықтарға қарамастан ауданда көптеген жұмыстар атқарылды. Өр салада қол жеткізген жетістіктерімізді келесі жылы да жалғастыруды жоспарлап отырмыз.

Халқымызда «Елу жылда ел жаңа» деген қанатты сөз бар. Осы жылдар ішінде елдің даму көшінде ойлылықтардың да өзіндік орны бар. Аудан тұрғындарының ерен еңбектерінің нәтижесінде өңірде экономиканың барлық бағыттары қарқынды дамып келеді. Өр салада жаңашыл бастама мен игілікті істер бар.

Біздің бүгінгі мақсатымыз бен міндеттеріміз тұрғындарымыздың өмірінің сапасы мен тұрмыстық деңгейін көтеруге бағытталған. Аудан тұрғындарының игілігіне арналған әлеуметтік нысандар жөндеуден өтіп пайдалануға берілсе, көшелер жарықтандырылып, кәсіпкерлік бағыттағы бірқатар қызмет көрсету орындары ашылды.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп халқымыз айтқандай, осы жетістіктеріміз берекелі бірлігімізбен бірлесе атқарған еңбектің нәтижесі. Алдағы уақытта да әлі талай игілікті істердің куәсі болатынымызға сенімдіміз.

Ардақты ағайын! Қадірлі жерлестер!

Келер жыл өмірімізді мәнді оқиғаларға, татулық пен жасампаздыққа толтырайық! Ортақ шаңырағымыздың жарқын келешегі үшін еңбектеніп жүрген барша азаматтарға бейбіт өмір, тыныштық, мол жақсылық тілеймін.

Жаңа жылды әр адам үкілі үмітпен, ізгі ниетпен және ақ тілекпен қарсы алады. Келер жыл жағымды жаңалыққа, қуанышты сәттерге толы болсын!

Жаңа жыл үлкен үміт, шаттық пен қуаныштың жылы болсын! Өрбір шаңыраққа бейбіт өмір, молшылық пен ізгілік, денсаулық пен бақыт әкелсін! Еліміз тыныш, ынтымағымыз мәңгі, болашағымыз баянды болсын!

Жаңа жыл құтты болсын, ағайын!

Құрметпен, Ойыл ауданының әкімі
Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

АУДАН ТАҒЫ БІР ЖАҢА НЫСАНМЕН ТОЛЫҚТЫ



Азық-түлік бағасын тұрақтандыруда әлеуметтік дүкендердің септігі мол. Өткен жұмада «Мұрагер» шағын ет, көкөніс, жеміс дүкені ашылды. «Мұрагер» шаруа қожалығы 2008 жылдан бері мал шаруашылығымен айналысып келеді. Мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, мал басын көбейтіп, ауданның экономикалық-әлеуметтік дамуына үлесін қосуда. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев салтанатты ашып, әлеуметтік дүкеннің аудан жұртшылығы үшін маңызы зор екенін айтып, жеке

кәсіпкер Өркен Ақеділовтің бастамасына сәттілік тіледі. Дүкен иесі Өркен Ақеділов өз еңбегімен нысанның құрылыс жұмыстарын жүргізіп, бастаған ісін аяқтап, ауылшаруашылық өнімдерін төмен бағамен қамтуды қолға алуда. Ең бастысы, мұндағы ет өнімдері өз шаруа қожалықтарынан келеді. "Отбасымызбен кеңесе отырып, шағын дүкен ашуды жөн санадық. Ет өнімдерінің санын көбейтіп, болашақта кәсібімізді одан әрі кеңейтсем деген ойым бар" - дейді жеке кәсіпкер.

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСҚА ОҢ БАҒА БЕРДІ



Өткен аптада ауданға Ақтөбе облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Мұрат Сейталиев жұмыс сапарымен келді. Сапары барысында ауданда қылмыстың алдын алу жұмыстарымен танысқан ол, аудандық мәдениет үйінде аудан тұрғындарымен кездесті. «Ауданға келген мақсатымыз - осы салада қандай өзгерістер, қандай заңнамалар қабылданып жатыр, болашақта атқарылатын жұмыстармен таныстыру. Сонымен қатар көтерілген мәселелерді халық, әкімдік және полиция қызметкерлерімен бірлесе отырып шешу», - деп ішкі істер саласындағы атқарылған жұмыстарға тоқталды облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Мұрат Мақсатұлы.

Ауданда тіркелген қылмыстар 1%-ға жетпейтіндігін айтып, полиция бөлімінің жұмысына оң баға берді. Барлық проблемалық мәселелер бойынша аудандық полиция бөлімінің басшысына нақты тапсырмалар, сондай-ақ қауіпсіздікті нығайтуға және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған міндеттер қойды. Одан кейін облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары аудандық полиция бөліміне барып, полиция бөлімінің жеке құрамымен кездесті. Жеке құрамға Ішкі Істер Министрлігінің талаптарын жеткізіп, тәртіп сақшыларының алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЗЕЙНЕТ ЖАСЫНА ҚАТЫСТЫ ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдердің зейнет жасын «тоқтату» туралы Заңға қол қойды.

Республикасының Заңына қол қойды», делінген хабарламада. Қабылданған түзетулерге сәйкес, әйелдерге арналған зейнет жасы 2028 жылға дейін 61 жас болады.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ 60 МЛН ТЕҢГЕГЕ ҚОРҒАЛДЫ



Ақтөбе облысының кәсіпкерлер палатасында бизнесмендердің құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның жұмыстарын қорытындыланды. ӘКП директоры Дана Бекбауованың айтуынша, 100 өтініштің 89% - ы оң шешіммен тапқан.

прокурорының қатысуымен. Мысалы, бірлескен жұмыс нәтижесінде Мұғалжар ауданының білім бөліміне қатысты «Наурыз» ЖК мәселесі шешілді. Олар тапсырыс беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес орындалған жұмыстар үшін орындаушыға 5,7 миллион теңге төлемеген», — деп қосты Дана Бекбауова.

«МЕКТЕБІМ - МАҚТАНШЫМ!»



Мектеп – білім ордасы. Осында жас шәкірттерді білім нәрімен сусындатып, жарқын келешегіміздің іргетасын қалаймыз. Әр адамның өмірінде мектептің алар орны ерекше. Осындай ойып тұрып орын алар білім ошағының бірі – Қараой мектеп-балабақшасы.

Мектебіміз 2005 жылдан бері жаңа екі қабатты уақыт талабына сай салынып, қолданысқа берілді. Мектептің негізгі бағыты – мемлекеттік стандарт бойынша мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру. Біздің мектебіміз – әр баланың егеменді елдің ертені болуына, туған жердің қасиетін дарытып, ана тілінің жанына үлес қосқан мектеп.

Қазақ мектебінің болашағы туралы М.Жұмабаев «Әрбір елдің келешегі мектебіне байланысты» деп айтқандай, оқушылардың заман талабына сай жан-жақты білім алуына барлық жағдай жасалған.

Қазақстанның 31 жылда биік тұғырға көтерілуіне елеулі үлес қосып жүрген Қараой мектебінен ұшқан түлектеріміз аз емес. Қазіргі таңда осы – Қараой мектеп-балабақшасында білім нәрімен сусындырған қаншама түлектеріміз әр түрлі салаларда, түрлі қызметтерде еңбек етіп келеді.

Мақала Қараой ауылдық округі өкімдігімен бірлесіп дайындалды.

«ЖАҢУАРЛАРҒА ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУ» МЕСІНЕ ЖҮКТЕЛЕР МІНДЕТ БАР

2022 жылдың 2 наурызынан бастап Қазақстан Республикасының «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңы күшіне енді.

өсіруге, ұстауға, пайдалануға, өнімін өткізуге тыйым салынған. Үй-жануарларының ретсіз көбеюін болғызбау үшін жануардың иесі немесе жауапты адам стерилизациялау арқылы шаралар қабылдауға міндетті.

- Мыналар: 1) жануарларға ауырсыну мен физикалық қиналуды сезіне алатын тіршілік иесі ретінде қарау; 2) жануардың тіршілігі, саулығы мен амандығы үшін иесінің дербес жауапты болуы;

Қазақстан Республикасының «Өкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 407-2 бабына сәйкес Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы заңнамасын бұзу фактілері орын алған жағдайда өкімшілік айыппұл қарастырылғанын еске саламыз.

АҢҰҚЫНДАЛҒАН АҒА ЕДІ

Біз шағын ғана Қаратал деген ауылда тұрамыз. 1963 жылы Шығанақ Берсеев атындағы кеңшар (совхоз) орталығы болып осы тың жер таңдалды да, әр ауылдан Аяққұмнан, Құмжарғаннан, Кагановичтен, Сагадан, Қарасудан осы жерге орналаса бастады.

Жастайынан жетім өскен Тасекең: «Кеңес өкіметі бай мен кедейді теңестірді. Біз сияқты жетім-жесірлерді қатарға қосты. Осы өкіметтің арқасында білім алдық, жетілдік», - деп отыратын. Елге адал қызмет етті, абыройға бөленді.

Жамбыл мектеп балабақшасының ұжымы және аудандық бастауыш кәсіподақ ұйымы Жакиевтер әулетіне ұлы Жакиев Азаматтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жамбыл мектеп балабақшасының ұжымы және аудандық бастауыш кәсіподақ ұйымы бастауыш сынып мұғалімі Талдыбаева Жаңылсын Нұрбергелқызына ұлы және мектеп тәлімгері Сағынова Жайнарға жұбайы Жакиев Азаматтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Саламат ШАҢҒАЛА, ардагер ұстаз, Қаратал ауылы.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1381 дана. Тапсырыс 1836 Көлемі 1 баспа табақ, индиск 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.


ӘЛИХАННЫҢ ЖҮЛДЕСІ – 1 МЛН ТЕҢГЕ



«Атап» партиясы биылғы жылдың тамыз айында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына және ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына арнап республикалық «Ұлы дала» атты әдеби байқау жариялаған болатын. 45 жасқа дейінгі авторлар қатысуға құқылы болған бұл байқау

төрт номинация бойынша өткізіліп, оған 150-ден астам шығарма қатысты. Осының ішінде «Проза» номинациясы бойынша 1 000 000 теңге қаржысы бар 1-орын ақтебелік жас қаламгер Әлихан Жақсылыққа берілді. Жерлесімізді құттықтай отырып, алда да жаңа табыстар тілейміз.

РУХАНИ ТӘРБИЕ – БАЛА ШАҚТАН БАСТАЛАДЫ!



Халқымызда «Тәрбие - тал бесік» деген тамаша сөз бар. Осы бір ұлағатты сөзге Ойыл ауданы орталығында орналасқан «Балдырған» бөбекжай-бақшасының бүгінгі келбеті арқау болып отырғанын оқырман өздері де байқай алады деген ойдам. Жақында осы бақшада өте әсерлі кеш болып, өзі жас болғанмен ісі көпшілікке үлгі Әсел Қаржауқызының бастамасымен қолға алынған жобаға куә болдым. Бірнеше күнге созылып, әр шарасы бір-біріне ұқсайтын кештерден, өзіме рухани азық алдым және балалармен қызмет етіп жүрген маман ретінде көпшілікке таныстыруды жөн көрдім.

Бөбекжай-бақшасы 2022 жылдан бастап «Ұлттық құндылықтар - ұлт қазынасы» атты жобаны қолға алған. Жобаның негізгі мақсаты - қазақ халқының ұлттық құндылықтары негізінде мектепке дейінгі жас буында толыққанды дамыта отырып, балалардың ұлттық музыкаға деген қызығушылығын ояту, оны сүйюге ынталандыру, эмоционалдық қабілетін шыңдауды көздейді. Ең алғашқы шарасын халқымыздың сүйікті күміс көмей әншісі Бағланова Роза Тәжібайқызының 100 жылдық мерейтойына арнаған шығармашылық ұжым, көп ізденіске түскенін аңғармау мүмкін емес. Осы жобаға даярлану барысында әлеуметтік желіде жарияланған, Ұлы әншінің құрметіне орай «Қазақ деген халықтың еркесімі!» атты Алматы қаласында ұйымдастырылған көрмеге, бөбекжай-бақша меңгерушісі Әсел Қаржауқызы өз мамандарынан бір адамды қатыстыруды қолға алады. Оған бөбекжай қызметкері Ардақ Ғафурқызы ұсынылып, ол өнер ордасына барып әйгілі әншінің ұрпақтары мен кезін көрген белгілі өнер қайраткерлерінің ыстық лебізін тыңдап, әншінің тұтынған заттары мен киген сахналық костюмдері т.б қойылған мұражайды тамашалауға мүмкіндік алған. Ардақ Ғафурқызының әсерлі әңгімесін жалғанан, Ұлы әншінің Ойыл өңіріне келгендегі концертін тамашалап, отбасында қонақ қылып күткендегі көрген

сәттерін, сол уақытта бала болса да өмір бойына жадыларында ұстап, ұмытылмас естелік ретінде көкейлеріне сақтаған, бүгінде бөбекжайда немерелері тәрбиеленіп жатырған Әсия Ағатайқызы, Құлән Міңсізбайқызы сынды апаларымыз әдемі жалғастырды. Осы жобаның ерекше бір сәті жас балғын Роза мен Әсейіп әбден толысқан Розаның образында ән әулеткен жас бүлдіршін Қайратқызы Аянат пен бөбекжай тәрбиешісі, осы кешті ұйымдастырушылардың бірі Гүлназ Жолбаева көрерменнің сүйіспеншілігіне бөленді. Тал бойына қазақтың ұлттық нақыштағы киімдерін серік еткен Роза апамыз қазақ қызының символы болғаны ақиқат. Оның өмірі бүгінгі және кейінгі ұрпаққа өнеге. Бойына ұлтының бар асыл қасиетін сіңіріп қана қоймай, өмірде де әділдік пен шынайылықты, жан тазалығын сақтаған әнші туралы айтылар аңыз да, шертілер сыр да осы жоба аясында өрбіді. Әрине әншіге арналған шарада ән салмау мүмкін бе, ата-аналардың орындауында әнші салған әндер кешінде, жас шағынан әншіге өліктеген бүгінде жетпістің шыңына шықса да дауысы сыңғырлап тұрған Зеуреш апамыз «Ақмаңдайлым», «Асыл арман»-ды әулетті.

Тағы бір көздің жауын алған көрмені жасақтауға бөбекжай ата-аналары үлес қосқан, әнші тұтынған бұйымдар әсіресе күміс әшекейлер мен сахналық киімдер үлгісін айнытпай жасау да үлкен шеберліктен туғанын аңғардық. Жобаны қорытындылаған ұжым басшысы Әсел Қаржауқызы, «Қазіргі күнде құбылған заманда, ұлттық бірегейлікті сақтаудың, ғасырда біртуар Ұлы тұлғаларымызды танып, бойға сіңіруді ерте қолға алғаннан ұтпасақ, ұтылмасымыз анық», - дей келе, барша қонақтарға алғысын білдірді. Иә, «Ел болам десең бесігіңді түзе!» - демекші, осындай ел ертеңін ойлайтын рухы биік жандар барда, ертеңімізге сенейік!

Гүлайым АМАНЖОЛҚЫЗЫ,
Мәдениет қызметкері,
Ойыл сөлпсы.

СОНҒЫ СЕССИЯНЫҢ ЖҮГІ



Кеше аудандық мәслихаттың кезекті он алтыншы сессиясы өтті. Өткізіліп тұрған жылдың соңғы сессиясының күн тәртібіне алдағы үш жылдық бюджеті мен бірнеше өзекті мәселелер ұсынылды. «2023-2025 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы», Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2021 жылғы 23 желтоқсандағы №95 «2022-2024 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы және 2023 жылға арналған Ойыл ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұраға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер өкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау көрсету туралы аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Болатбек Әділханов баяндаса, Ойыл аудандық ветеринариялық стансасының директоры Серік Сармұханов Ақтөбе облыстық мәслихатының

2022 жылғы 17 тамыздағы №145 «Ақтөбе облысы бойынша үй жануарларын ұстау және серуендетудің қағидаларын бекіту туралы» және №146 «Ақтөбе облысы бойынша жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру қағидаларын бекіту туралы» шешімдерінің ауданда орындалулары туралы хабарлама жасады. Әрине, бұл мәселе туралы депутаттар тарапынан сауал көп. Қолданысқа енгізілген заңға сәйкес жауап берген Серік Кәдірғалиұлы өлі де шешімі күрделі мәселелердің барлығын жасырған жоқ. Аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық даму, бюджет, халықты әлеуметтік қорғау және аграрлық сала мәселелері жөніндегі және білім, мәдениет, денсаулық сақтау, құқық тәртібі және жастар саясаты мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияларының төрағалары И. Берғалиев пен С. Нұрбаевтар атқарылған жұмыстар туралы хабарлама жасады, аудан әкімінің орынбасары М. Айдарбаев өкілетті органдарға «Ойыл ауданының Құрметті азаматы» атағын беру туралы комиссияның шешімін ұсынды.

«ДАРЫНДЫ ДАМУ – ҰСТАЗ ПАРЫЗЫ»

Өткен апта аудандық мәдениет үйінде Ж.Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің балалар жылын қорытындылау аясында «Дарынды даму – ұстаз парызы» атты дарынды балаларды марапаттау кеші өтті. Салтанатты шара Ж.Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі жайлы бейнематериалмен түрілді. Алғаш сөз алған мектеп директоры Маржан Жонысова мерекемен құттықтап, атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Облыстық «Жыл мұғалімі», Ы.Алтынсарин атындағы «Үздік» медаль иегері, осы мектепте еңбек еткен ұзат Майраш Ибрашева, қамқоршылық кеңесінің төрағасы Болат Бекетаев өздерінің шынайы лебізін білдірді. Аудандық, облыстық деңгейде топ жарған оқушыларға естелік сыйлықтар табыстады. Өзүзді

ән мен мың бұралған бишілердің өнерімен жалғасқан шарада марапат тапсыру одан әрі жалғасын тапты. Аудандық білім бөлімінің әдіскері Алтынай Наурызова республикалық байқаулардан орын алған дарынды оқушыларды марапаттады. Олардың қатарында Нұрзау Әбуәкір, Перизат Әділбаева, Ораз Мұздақбай, Марина Жауынбаева, Камила Гатаулина, Айжұлдыз Мәденбаева бар. Ж.Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің даңғын асырып, биік жетістіктерге жеткізген мектеп мақтаншылары – олимпиада, білім байқаулары, өнер сайыстары мен қоғамдық жұмыстардың жеңімпаздары дәріптелген шараны ұстаздар өсем әнмен ерпесе, қара өлеңді жанына серік етіп жүрген оқушылар жүректен шыққан туындыларын тарту етті.



ҚОЯН ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР КҮТІП ТҮР?

2023 жыл - қоян жылы. Қоян жылы 12 циклды қытай жұлдызнамасындағы 4-орында алады және шығыс күнтізбесіндегі ең бақыттысы саналады екен. Қоян жылы үй мәселесінде сәттілік әкеледі. Сондай-ақ, бұл жыл саяхаттауға қолайлы болмақ; Ал келер жылдан бастап елімізде аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар өкімдерінің сайлауы пилоттық режимде өтеді; Алдағы жылы жастарға 2,5%-дық жеңілдетілген несие беру басталмақ. Жеңілдетілген несие мөлшері – 5 млн теңгеге дейін; 2023 жылы жаңадан келген қатардағы өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың жалақысын 70%-ға дейін арттыру көзделіп отыр; Мектептер, колледждер мен балабақша педагогтарының жалақысы 25%-ға өседі; Келесі оқу жылынан бастап 5-8

және 10-сынып оқушылары да қазақ тілінен емтихан тапсырады; Бала күтімі бойынша төлем мерзімі бір жылдан бір жарым жылға дейін ұлғайтылады; 2023 жылдан бастап, «Алтын алқамен» марапатталғандарға немесе бұрын «Батыр ана» атағын алғандарға, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордені табысталғандарға берілетін жәрдемақы мөлшері 6,4 АЕК-тен 7,4 АЕК-ке дейін ұлғаяды; Зейнетақы төлемдерінің көлемі 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 10,5%-ға өседі. Бұл ретте ең төменгі зейнетақы мөлшері 53 076 теңгені құрайды; 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 70 000 теңге, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 24 341 теңге, айлық есептік көрсеткіші (АЕК) 3 450 теңге, ең төменгі күнкөрсеткіші 40 567 теңгені құрамақ.

Құттықтау

Ойыл ауданының тұрғыны
Тамара Ғарифоллақызын
1 қаңтарда толатын
60 жасымен құттықтаймыз!

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.

Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз,
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

Құттықтаушылар: Достары Гүлнар, Гүлсара,
Роза, Музамел Гүлшара.

ДӘСТҮРЛІ МЕРЕКЕЛІК ТУРНИР БИЫЛ ПЕТРОФА АРНАЛДЫ



Өткен жұма күні дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде 22 желтоқсан - Энергетиктер күні және осы салаңның және спорт ардагері Петр Пономаревты еске алуға арналған ерлер арасында волейболдан аудандық турнир өткізілді. Турнирдің ашылу салтанатына аудан әкімі Асқар Қазыбаев қатысып, жарысқа қатынасудышларға сәттілік тілесе, бір кездері спортта десе ішкен асын жерге қойған Петр туралы замандастары мен талай алаңда бірге тер төккен әріптестері өткен шақтан сыр шертті. Ойылдықтардың төл спортына айналған волейболдан өткен тур-

нирге «Ойыл аграрлық колледжі», «Аудандық аурухана», «Өрт сөндіру бөлімі», «Ойыл қазақ орта мектебі», «Қазақтелеком», «Спорт мектебі», «Аудандық полиция бөлімі» сынды 8 команда қатынасты. Турнир нәтижесінде III орын «Өрт сөндіру бөліміне» бұйырса, II орынға «Спорт мектебі» командасы ие болды. Қарсыластарының бәрін «қоғадай жапырған» полиция жігіттер бас жүлдеге қол созды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер мадақтама, кубок, медальдармен және демеушілердің қолдауымен ұсынылған бағалы сыйлақтармен марапатталды.

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕР МЕН ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР НАЗАРЫНА!

Деректерді тіркеу немесе беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын (БКМ) қолданатын барлық жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар биыл 31 желтоқсанға дейін барлық тіркелген бақылау-касса машиналарын қайта бағдарламалау жөніндегі жұмыстарды аяқтау қажет. Бұл туралы Ойыл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы ескертеді.

Сондай-ақ 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап фискалды деректер операторлары (ФДО) 2.0.2-ден басқа хаттамаларға қолдау көрсетуді тоқтатады. «E-SalyqAzamat» мобильді қосымшасында жеке тұлғалардың салық міндеттемелерін орындауға арналған әртүрлі қызметтер бар, мысалы:

- салықтарды банк бөлімшелеріне бармай және комиссиясыз төлеу;
- салық берешегін тексеру;
- артық төленген салықтарды есепке жатқызу;
- мүлікке, жерге және көлікке салықты тексеру және есептеу;
- салық объектілерін қарау (жылжымайтын мүлік және көлік);
- жылжымайтын мүлік және көлік туралы ақпараттарға түзетуді жасау;
- жұмыс берушінің жалақыңыздан табыс салығы мен әлеуметтік төлемдердің қанша ұстап қалғанын тексеру;
- мемлекеттік кірістер органдарының қызмет көрсету орталықтарына баруды онлайн брондау.

«E-SalyqAzamat» тегін мобильді қосымшасын «AppStore» немесе «PlayMarket»-тен жүктеуге бо-

лады. Авторизациялау тәсілдері туралы ақпарат мобильді қосымшада бар. Мемлекеттік кірістер комитеті 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап бүкіл ел аумағында жұмыс істейтін «E-SalyqBusiness» мобильді қосымшасын әзірлеп, іске қосты. Әзірлеудегі негізгі мақсат – Мемлекет басшысының жеке кәсіпкерлердің салық міндеттемелерін орындау рәсімдерін түбегейлі жеңілдету туралы тапсырмасын іске асыру болып табылады. Бұл тегін қосымшаны AppStore, PlayMarket және AppGallery-ден жүктеуге болады. Бүгінгі таңда қосымшаны 27 мыңнан астам кәсіпкер пайдалануда. «E-SalyqBusiness» мобильді қосымшасы бірқатар салық рәсімдерін жеңілдетті. Мобильді қосымшаның функционалы:

- 1) жеке кәсіпкер ретінде тіркелуге;
- 2) кассалық чектің орнына мобильді қосымшаның чегін беруге;
- 3) қосымшада берілген чектер негізінде кәсіпкердің кіріс есебін жүргізуге;
- 4) салықтар мен әлеуметтік төлемдерді автоматы түрде есептеуге;
- 5) жалдамалы қызметкерлердің және олардың табыстарының есебін жүргізуге;
- 6) оңайлатылған декларацияны тапсыруға (910.00 нысан);
- 7) кәсіпкерлік қызметті оңайлатылған тәртіпте тоқтатуға мүмкіндік береді.

Ойыл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы